

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ DIAMOND ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ЖОБАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ 2025 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАРАШАДАҒЫ МӘЛІМЕТ

Өскемен қаласы, 19-шы тұрғын аудан, Ю. Увалиев пен Көкжал Барак көшелерінің қиылысында жобаланған коммерциялық орынжайлары бар көпқабатты тұрғын үй құрылысына қатысты азаматтардың алаңдаушылығын ескере отырып, құрылыс жұмыстарының аяқталуына кепілдік берген Бірыңғай оператор – «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ төмендегіні хабарлайды:

Бүгінгі күні (16.11.25 ж. жағдай бойынша) «ҚТК» АҚ «Мемлекеттік сараптама» РМҚ мекемесімен бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді, олардың қорытындысы бойынша тараптар әрі қарай атқарылатын іс-қимылдар жөнінде ортақ түсінікке келді.

2025 жылғы 22 қазанда «Мемлекеттік сараптама» РМҚ порталына қайта өтінім берілді, оған 2025 жылғы 10 қарашада шарт жасалды. Қарау мерзімі 45 жұмыс күнін құрайды (2026 жылғы 21 қаңтарға дейін).

Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынғаннан кейін жобаны қаржыландыруды қамтамасыз ету және бас мердігерді айқындау мақсатында тендер өткізу бойынша іс-шаралар бастамалады.

Біз келісімдер мен сараптама мерзімін мүмкіндігінше қысқарту мақсатында ШҚО әкімдігі және уәкілетті органдармен тығыз ынтымақтастықты жұмыс істеудеміз.

Компания аталған объектінің барлық үлескерлерімен ашық байланыс орнатуда. Үлестік құрылысқа қатысушылар жұмыс процестері туралы толық ақпаратты тікелей ҚТК-ның жауапты қызметкерлерінен тікелей алып отырады, сондай-ақ ағымдағы жағдай мен құрылысты аяқтау жоспары талқыланатын кездесулер өткізіледі.

Біз бұл объекті үлескерлер үшін маңызды екенін жақсы түсінеміз, өйткені олар бізге ең қымбат – өздерінің болашақ тұрғын үйін сеніп тапсырды.

Сабырлық пен сенім үшін алғыс білдіріп және жобаны мүмкіндігінше тезірек аяқтау үшін барлық күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз.

*Анықтамалық мәлімет: **Жоба атауы:** «Өскемен қаласы, 19-шы тұрғын аудан, Ю. Увалиев пен Көкжал Барак көшелерінің қиылысында жобаланған коммерциялық үй-жайлары бар көпқабатты тұрғын үй құрылысы» Аяқталмаған құрылыс.*

Құрылыс салушы – «ВВД-Құрылыс» ЖШС

Уәкілетті компания – «Sparkle Diamond» ЖШС

Инжиниринг компаниясы – «Алатау Сана Құрылыс» ЖШС

Пәтерлер саны – 93 бірлік

Нысанның жалпы ауданы – 10 948,36 ш.м.